

## **2020-2022 жылдарға арналған Тимирязев ауданының аудандық бюджетін бекіту туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 42/1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 5759 болып тіркелді.

**Ескерту. 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 18-тармағымен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 04 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9, 75-баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Тимирязев аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020-2022 жылдарға арналған Тимирязев ауданының аудандық бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 5 205 252,5 мың теңге:
  - салықтық түсімдер – 308 710 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 39 901,1 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 11 046,8 мың теңге;
  - трансферттер түсімі – 4 845 594,6 мың теңге;
- 2) шығындар – 5 231 389,3 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 200 655,9 мың теңге:
  - бюджеттік кредиттер – 213 838,4 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 13 182,5 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 14 100 мың теңге:
  - қаржы активтерін сатып алу – 14 100 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) - - 240 892,7 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 240 892,7 мың теңге:
  - қарыздар түсімі – 213 763,4 мың теңге;
  - қарыздарды өтеу – 13 182,5 мың теңге;
  - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 40 311,8 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 17.09.2020 № 48/4 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 16.11.2020 № 49/1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. 2020 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салығынан;

заңды тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің мүлік салығынан;

бірыңғай жер салығынан;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынының акциздерінен;

табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдерінен;

кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдардан;

республикалық бюджетке аударылатын мемлекеттік баждар мен консулдық алымнан басқа мемлекеттік баждан.

3. 2020 жылға арналған аудандық бюджетке әлеуметтік салық түсімдерін есептеу 100 пайыз көлемінде белгіленсін.

4. Аудандық бюджеттің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

ауданның коммуналдық меншігінің кірістерінен;

ауданның бюджетіне басқа салықтық емес түсімдерінен.

5. Аудандық бюджеттің кірісі қалыптасқаны белгіленсін:

жерді және материалдық емес активтерді сатудан;

аудандық бюджеттен қаржыланатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүліктерді сатудан.

6. Аудандық бюджеттің кірістері жергілікті бюджеттен жеке тұлғаларға берілген бюджеттік несиелердің өтеуінен түскен түсімдерден қалыптасатыны белгіленсін.

7. Аудандық бюджетте 2020 жылға арналған облыстық бюджеттен берілетін 2 297 648 мың теңге сомасында бюджеттік субвенциялар қарастырылғаны ескерілсін.

8. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен 2 305 830,5 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер келесі мөлшерлерде есепке алынсын:

1) 285 967 мың теңге – мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға;

2) 94 598 мың теңге – мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтарына біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

3) 31 448 мың теңге – мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының еңбекақысын ұлғайтуға;

4) 2 112 мың теңге – мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтарына біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

5) 17 459 мың теңге – мәдениет ұйымдары мен архив мекемелерінде ерекше еңбек жағдайлары үшін мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына лауазымдық жалақыға қосымша ақы белгілеуге;

6) 2 615 мың теңге – мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға;

7) 799 мың теңге – техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар тізбесін кеңейтуге;

8) 16 956 мың теңге – кепілдендірілген әлеуметтік пакетке;

9) 20 097 мың теңге – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

10) 5 528 мың теңге – мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін қызметкерлердің жалақысына қосымша ақы белгілеуге;

11) 80 437 мың теңге – еңбек нарығын дамытуға, оның ішінде:  
жалақыны ішінара субсидиялауға 2 805 мың теңге сомасында;  
көшуге арналған субсидиялар беруге 3 106 мың теңге сомасында;  
жастар практикасына 3 921 мың теңге сомасында;  
тұрғын үйді жалға беру (жалдау) және коммуналдық шығындарды өтеуге 5 726 мың теңге сомасында;

жұмыс берушілерге арналған субсидиялар беруге 6 251 мың теңге сомасында;

ақпараттық жұмысқа 16 мың теңге сомасында;

қоғамдық жұмысқа 26 800 мың теңге сомасында;

жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін қоныс аударушыларға 31 812 мың теңге сомасында гранттар беруге;

12) 1 194 549,5 мың теңге – көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға;

13) 319 456 мың теңге – жұмыс күші мол өңірлерден қоныс аударушылар үшін тұрғын үй сатып алуға;

14) 31 030 мың теңге – Степное, Комсомольское, Тимирязев ауылдарының тарату желілерін ағымдағы жөндеуге;

15) 73 000 мың теңге – Тимирязев ауданы Тимирязев ауылының кентішілік жолдарын орташа жөндеуге;

16) 101 459 мың теңге – білім беру объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуге;

17) 28 320 мың теңге – Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеуге.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 17.09.2020 № 48/4 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 16.11.2020 № 49/1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

9. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен 242 025,7 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер келесі мөлшерлерде есепке алынсын:

1) 3 510 мың теңге – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің ұзақтығы 42 күнтізбелік күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын 56 күнге дейін ұлғайтуға;

2) 96 581 мың теңге – жаңартылған білім беру мазмұны жағдайындағы жұмысы үшін бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақы төлеуге;

3) 6 613 мың теңге – мектептердің педагог-психологтарының лауазымдық айлықақыларының мөлшерлерін ұлғайтуға;

4) 5 316 мың теңге – жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді ағылшын тілінде оқытқаны үшін қосымша ақы төлеуге;

5) 1 431 мың теңге – жас мұғалімдерге тәлімгерлігі үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

6) 4 379 мың теңге – бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне сынып жетекшілігі үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға;

7) 2 789 мың теңге – бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру қызметкерлеріне дәптерлер мен жазба жұмыстарын тексергені үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайтуға;

8) 1 063 мың теңге – орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің ұзақтығы 42 күнтізбелік күн жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын 56 күнге дейін ұлғайтуға;

9) 3 313,1 мың теңге – терроризмге қарсы қауіпсіздікке – білім беру объектілерін бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етуге;

10) 3 525,5 мың теңге – аудан мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға;

11) 11 802,4 мың теңге – оқулықтарды сатып алуға және жеткізуге;

12) 20 435 мың теңге – аудан мектептеріне автокөлік сатып алуға;

13) 3 696,6 мың теңге – 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын мерекелеуге байланысты біржолғы ақшалай көмек төлеуге;

14) 19 816 мың теңге – су тегеурінді мұнаралар мен сорғы ғимараттары құрылысымен су тегеурінді құрылыстар алаңдарын қайта жаңартуға жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге;

15) 6 800 мың теңге – қатты тұрмыстық қалдықтар полигондары үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге;

16) 3 564,3 мың теңге – "Аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимаратын ағымдағы жөндеуге;

17) 1 993,8 мың теңге – жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарында жол белгілерін сатып алуға және орнатуға;

18) 1 930 мың теңге – спорт ұйымдары қызметкерлерінің жалақасын ұлғайтуға;

19) 5 247 мың теңге – эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге;

20) 437 мың теңге – BilimMediaGroup қашықтықтан оқыту үшін білім беру порталының қызметтерін төлеуге;

21) 37 783 мың теңге – ауылдық округтердің көше жарығын ағымдағы жөндеуге.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 17.09.2020 № 48/4 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) ; жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 16.11.2020 № 49/1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

10. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 39 001 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттер есепке алынсын.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 16.11.2020 № 49/1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

10-1. Аудандық бюджетте 174 762,4 мың теңге сомасында Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін ішкі қарыздар есебінен шығындар келесі мөлшерлерде есепке алынсын:

1) 48 307 мың теңге – "Дзержинский негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратын күрделі жөндеуге;

2) 30 038,1 мың теңге – Тимирязев ауылындағы Сулы станциясына дейінгі кентішілік жолды орташа жөндеуге;

3) 33 494,5 мың теңге – Тимирязев ауылындағы Плетнев көшесі бойынша кентішілік жолды орташа жөндеуге;

4) 26 141,5 мың теңге – Белоградовка астық қабылдау пунктіне кіреберісті орташа жөндеуге;

5) 7 578,3 мың теңге – Докучаево ауылындағы су құбырының су тарату желісін ағымдағы жөндеуге;

6) 8 035 мың теңге – Тимирязев ауылының сумен жабдықтау желілерін ағымдағы жөндеуге;

7) 11 648 мың теңге – Дружба ауылындағы ауылдық клуб ғимаратын ағымдағы жөндеуге;

8) 9 520 мың теңге – Тимирязев ауылындағы қазандықтарды ағымдағы жөндеуге.

**Ескерту. Шешім 10-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 13.04.2020 № 45/1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жана редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 17.09.2020 № 48/4 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

11. 2020 жылға арналған аудандық бюджеттен ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 4-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

12. 2020 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалар 5-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

13. 2020 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының резерві 1716 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 17.09.2020 № 48/4 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 16.11.2020 № 49/1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

14. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының ауылдық жерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт, ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың айлық ақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лаузымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер қарастырылсын.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 17.03.2020 № 44/3 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

14-1. 8-қосымшаға сәйкес, қаржы жылының басына қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтары, 2019 жылы пайдаланылмаған республикалық және облыстық бюджеттерден нысаналы трансферттерді қайтару есебінен аудандық бюджет шығыстары қарастырылсын.

**Ескерту. Шешім 14-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 17.03.2020 № 44/3 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

15. Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша 2020 жылға арналған мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына төлем тізбесі 6-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

16. 2020 жылға арналған аудандық бюджет құрамында мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге және мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкесымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызметтер көрсетуіне қаражат бөлу қарастырылғаны 7-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

17. 2020 жылға арналған жергілікті атқарушы орган қарызының лимиті 13 182 мың теңге сомасында белгіленсін.

18. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
сессиясының төрағасы*

*С. Жүкеев*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы*

*С. Мұстафин*

Тимирязев аудандық

## 2020 жылға арналған Тимирязев ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 17.09.2020 № 48/4 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 16.11.2020 № 49/1 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1) Кірістер	5 205 252,5
1			Салықтық түсімдер	308 710
	03		Әлеуметтік салық	169 958
		1	Әлеуметтік салық	169 958
	04		Меншікке салынатын салықтар	69 320
		1	Мүлікке салынатын салықтар	68 020
		5	Бірыңғай жер салығы	1 300
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	67 782
		2	Акциздер	1 365
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	61 833
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4 584
	08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1 650
		1	Мемлекеттік баж	1 650
2			Салықтық емес түсімдер	3 9 901,1
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 691,1
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	108
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 570
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	13,1
			Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан	

	04		Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 140
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2 140
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	36 070
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	36 070
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	1 1 046,8
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	1 1 046,8
		1	Жерді сату	1 1 046,8
4			Трансферттердің түсімдері	4 845 594,6
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	90,4
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінен трансферттер	90,4
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4 845 504,2
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4 845 504,2
Функцио-налдық топ	Бюд-жеттік бағдар-ламалар-дың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			2) Шығындар	5 231 389,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 79 115,3
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	16 821
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 821
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1 30 736,4
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 23 028,4



		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	7 708
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3 6 639,2
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	2 8 375,2
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	437
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	140
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	7 287
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 94 918,7
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 773
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	409
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 69 936,7
		114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	2 800
02			Қорғаныс	6 535
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	6 535
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	3 080
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	2 082
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1 373
04			Білім беру	2 312 680
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 276 106

		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 666
		003	Жалпы білім беру	1 997 572,1
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	1 9 509,4
		006	Балаларға қосымша білім беру	59 377
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	513
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	64 469
		015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға ( қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	3 956
		023	Әдістемелік жұмыс	15 401
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	16 175
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	35 136
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 3 331,5
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	36 574
		017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	36 574
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	2 22 333,4
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	2 18 348,4
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22 405
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	8 8 946,3
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	3 7 454,4

		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	1 1 356,7
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	517
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	690
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	25 533
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	26 448
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	4 998
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	3 985
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	3 985
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	5 88 190,6
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	28 320
		070	Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу	28 320
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	101 459
		026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	101 459
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	6 251
		024	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	6 251
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 52 160,6

		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	6 639
		013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	1 3 599,9
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	3 796,5
		020	Кондоминиум объектілеріне техникалық паспорттар дайындау	170
		025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	12 182
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	8 000
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	4 6 317,2
		098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	361 456
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	2 3 9 190,5
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	1 1 446,5
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 953
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	504
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	1 600,5
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1389
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	143 451
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19 315
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	700
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	6 097
		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	6 720
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	49 853

		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	390
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	33 351
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер және ұйымдардың күрделі шығыстары	23 398
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	3 627
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	84 293
		021	Спорт объектілерін дамыту	84 293
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	61 154
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7 877
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	7 877
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	13 836
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 798
		006	Аудандардың, облыстық маңызы бар, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	1 780
		007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	258
	474		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	39 441
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	31 669
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	500
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	502
		012	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	300
		013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	5 247
			Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (	

		047	зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	1 223
12			Көлік және коммуникация	1 216 245,3
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1 216 245,3
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 0 453,8
		034	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	1 194 549,5
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	1 242
13			Басқалар	10 959
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 716
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	1 716
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	9 243
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 243
14			Борышқа қызмет көрсету	38,9
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	38,9
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	38,9
15			Трансферттер	1 94 947,3
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 94 947,3
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1 4 414,3
		038	Субвенциялар	165 768
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	14 765

			3) Таза бюджеттік кредиттеу	200 655,9
			Бюджеттік кредиттер	213 838,4
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	9 0 793,9
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	11 648
		088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	11 648
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	7 9 145,9
		088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	7 9 145,9
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	57 827
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	48 307
		026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	48 307
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9 520
		042	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу және абаттандыру	9 520
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	39 076
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	39 076
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	39 076

12			Көлік және коммуникация	2 6 141,5
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2 6 141,5
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	2 6 141,5
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	1 3 182,5
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	1 3 182,5
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген, бюджеттік кредиттерді өтеу	1 3 182,5
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	14 100
			Қаржы активтерін сатып алу	14 100
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
Функцио-налдық топ	Бюд-жеттік бағдар-ламалар-дың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
13			Басқалар	14 100
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	14 100
		065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	14 100
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 240 892,7
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	240 892,7
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
7			Қарыздар түсімдері	2 13 763,4
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	2 13 763,4
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	2 13 763,4



Функцио-налдық топ	Бюд-жеттік бағдар-ламалар-дың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16			Қарыздарды өтеу	1 3 182,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1 3 182,5
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	1 3 182,5
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
8			Пайдаланатын бюджет қаражатының қалдықтары	4 0 311,8
	01		Бюджет қаражатының қалдықтары	4 0 311,8
		1	Бос бюджет қаражатының қалдықтары	4 0 311,8

Тимирязев аудандық  
мәслихатының 2019 жылғы  
25 желтоқсандағы № 42/1  
шешіміне 2- қосымша

## 2021 жылға арналған Тимирязев ауданының бюджеті

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			1. Кірістер	2 445 766
1			Салықтық түсімдер	308 092
	03		Әлеуметтік салық	140 930
		1	Әлеуметтік салық	140 930
	04		Меншікке салынатын салықтар	87 600
		1	Мүлікке салынатын салықтар	72 700
		5	Бірыңғай жер салығы	14 900
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	74 731
		2	Акциздер	1 300
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	65 733
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	7 698
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар	4 831

			мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	
		1	Мемлекеттік баж	4 831
2			Салықтық емес түсімдер	7 162
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2 862
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2 850
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	12
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	4 300
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	4 300
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	5 000
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	5 000
		1	Жерді сату	5 000
4			Трансферттердің түсімдері	2 125 512
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2 125 512
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2 125 512
Функцио-налдық топ	Бюджеттік бағдарла-малардың әкімшісі	Бағдар-лама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
			2. Шығындар	2 445 766
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	146 866
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	16 544
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16 544
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	90 257
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	90 257
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	28 593
